



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Мәжілісі Парламентінің  
депутаттарына  
(тізім бойынша)**

*2023 жылғы 28 желтоқсандағы  
№ ДС – 510 депутаттық сауалға*

**Құрметті депутаттар!**

Жер қойнауын пайдаланушылардың ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарын қаржыландыруға қатысты сіздердің сұрауларыңызды қарап, келесіні хабарлаймыз.

***Жер қойнауын пайдаланушылардың ҒЗТҚЖ жұмсаған қаражатының тиімділігі негізінде қабылданатын шараларды кешенді сараптамалық талдау мәселесіне қатысты***

Жер қойнауын пайдаланушылар ғылым мен технологияларды қолдау мен дамытуды қаржыландыруға жіберетін аударымдардың орталықтандырылуын, ашықтығын арттыруды қамтамасыз ету мақсатында жер қойнауын пайдаланушылардың ғылыми-зерттеу және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар (*бұдан әрі – ҒЗТҚЖ*) қаржыландыру тетігі жетілдірілді.

2023 жылғы желтоқсан айында көмірсутектер мен уран өндіру кезеңінде жер қойнауын пайдаланушылардың ҒЗТҚЖ-ны қаржыландыру қағидалары қабылданды және жер қойнауын пайдаланушылар мен олардың мердігерлерінің көмірсутектерді барлау немесе өндіру және уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларына өзгерістер енгізілді. Сондай-ақ, жер қойнауын пайдаланушылардың өткен жылы өндіруге жұмсаған шығыстарынан (*мемлекеттік органдардың келісімімен*) жер қойнауын пайдаланушылардың ҒЗТҚЖ-ды қаржыландыру қағидаларына өзгерістер енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде.

Тұтастай алғанда тетікпен жер қойнауын пайдаланушылар қаржыландыратын ҒЗТҚЖ жобаларын мемлекеттік есепке қоюға және оларды ғылыми-техникалық сараптамамен сүйемелдеуге қойылатын талаптар көзделген.

***Анықтама:***

2020-2022 жылдардың қорытындысы бойынша ҒЗТКЖ қаржыландыру бойынша міндеттемелердің орындалу мониторингі шеңберінде ҒЗТКЖ-ға нақты шығыстар 49,71 млрд.теңгені құрады.

Жер қойнауын пайдаланушылардың ҒЗТКЖ жобалары туралы ақпаратты 2024 жылдың қорытындысы бойынша «ұлттық инновациялық жүйенің Бірыңғай терезесі» ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі – «ҰИЖ БТ» АЖ) порталында орналастырылады.

***Цифрлық платформа арқылы ғылыми жобаларды іске асыруға қатысты***

ҒЗТКЖ қаржыландыру процесінің ашықтығын қамтамасыз ету және автоматтандыру мақсатында жер қойнауын пайдаланушылар «ҰИЖ БТ» ақпараттық жүйесінің пилоттық нұсқасы жұмыс істейді.

Қазіргі уақытта «ҰИЖ БТ» АЖ жер қойнауын пайдаланушылардың қаражаты есебінен ҒЗТКЖ жобаларын қаржыландыруды іске асыратын басқа платформалармен интеграциялау мақсатында жаңғыртудан өтуде.

ЭМ «ЕГСУН» АЖ және Қаржымині МКК АЖ жинақталған мәліметтердің ақпараттық жүйесі «ҰИЖ БТ» АЖ шеңберінде, сондай-ақ, «ҰҒТСО» АҚ және басқа да мүдделі тараптардың мәліметтері жинақталады деп күтілуде.

Бұл шаралар жер қойнауын пайдаланушылардың нақты нәтижелерге бағдарланған ғылыми зерттеулерді бақылау мен қолдаудың тиімді жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

***Мемлекеттік бюджетке аударылатын жер қойнауын пайдаланушылардың қаражатын сараптауға қатысты***

ҒЗТКЖ жобаларын қарау жөніндегі ғылыми-техникалық кеңестер (бұдан әрі - ҒТК) туралы ережелерге сәйкес ғылыми зерттеулер жүргізу үшін басым бағыттарды қалыптастыру және өзектендіру, одан әрі қаржыландыру үшін ҒЗТКЖ жобаларының жаңалығын қарау, сондай-ақ олардың іске асырылу барысы туралы аралық, қорытынды есептерді қабылдау жөніндегі функция бекітілді.

Осыған байланысты, жаңа тетік шеңберінде жер қойнауын пайдаланушылар жыл сайын 25 қазаннан кешіктірмей ҒТК-ке қарау және бекіту үшін техникалық міндеттері бар ҒЗТКЖ бағыттарының тізбесін ұсынады.

Бұл ретте, игерілмеген қаражат мемлекеттік бюджетке аударылатын есепті кезең ішінде жер қойнауын пайдаланушылардың ҒЗТКЖ сатып алуының конкурстық рәсімдерін өткізу тәртібі регламенттелген.

ҒЗТКЖ-ны қаржыландырудың жаңа тетігін енгізу 2024 жылдан бастап жоғары оқу орындары мен ҒЗИ-ді тарта отырып, нарық қатысушылары үшін ашық, бәсекеге қабілетті және қолжетімді тетіктерді құруға мүмкіндік береді.

**Р. Скляр**

**Қазақстан Республикасы  
Парламент Мәжілісінің депутаттары,  
«AMANAT» партиясы фракциясының  
мүшелеріне**

А. Аймағамбетов  
Е. Бейсенбаев  
Е. Әбдиев  
М. Әбенов  
К. Авершин  
Т. Адамбеков  
К. Алишев  
Ж. Амантай  
Н. Әшімбетов  
Ж. Әшімжанов  
Е. Әбіл  
А. Әлтай  
Қ. Балабиєв  
М. Башимов  
Б. Бейсенғалиев  
Қ. Бексұлтанов  
Н. Дементьева  
М. Ергешбаев  
М. Жайымбетов  
Е. Жаңбыршин  
Ә. Жұбанов  
Р. Зайытов  
Б. Ізмұхамбетов  
С. Имашева  
Д. Исабеков  
М. Ескендіров  
П. Казанцев  
А. Қалықов  
Б. Керімбек  
В. Ким  
Р. Қожасбаев  
Д. Колода  
Ю. Кучинская  
Т. Қырықбаев  
Е. Мәмбетов  
С. Мұсабаев  
А. Мысырәлімова  
Б. Нажметдинұлы  
Г. Нұрымова  
С. Нұртаза  
С. Пономарев  
А. Рау

М. Рожин  
Н. Сабильянов  
Т. Савельева  
Ұ. Сәдібеков  
Е. Саиров  
Н. Сәрсенғалиев  
А. Сарым  
Е. Сатыбалдин  
Б. Смағұлов  
Е. Смышляева  
М. Такиев  
М. Толықбаев  
Л. Тұмашинов  
Д. Тұрғанов  
Д. Тұрлыханов  
Ү. Шапақ  
Н. Шаталов